«Күншуақ» жеке балабақшасы
әдіскері: Тумарова У.М.

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**«Күншуақ» жеке балабақшасы**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 09.01.2025 ж**
**«Талап бар жерде тәртіп бар»**

| Тобы:<br>Тақырып: | **«Балбөбек»** ортаңғы тобы.<br>**«Жануарлар әлемі»** |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қысқаша барысы | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>**Күй күмбірі: «Қазақ осы»**<br>Амандасу. Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Жол жүру ережелерімен таныстыру. Көшеде жүру тәртібін үйрету. (видеослайд, көрнекіліктер)<br>***1.Тілдік дамытушы орта:*** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Астана қаласы туралы түсінгендерін, ауызша айту, топпен бөлісу.<br>*Мысалы:* Астана – еліміздің бас қаласы.<br>***2.Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*** Қазақ тіліне тән [І] дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>[І]- ілгіш<br>«Ілгіш» сөзінде бірінші қай дыбыс айтылады? І-і-і-і<br>[І]- әрпі жіңішке дауысты дыбыс.<br>Әріп таңбасымен таныстыру.<br>І дыбысынан басталатын тағы қандай сөздерді білесіңдер?<br>***Дидактикалық ойын***: «Кім шапшаң?»<br>Мақсаты: Іі дыбысын сөз ішінде тауып, тұтас сөзді дұрыс оқуға жетілдіру..<br>Барысы: Мұғалім сөздерді айтып тұрамын, ал сендер, сөз ішінде «І» дыбысын естіген бетте, алақанды шапалақта:<br>Әділет, адам, дәрі, доп, ін, ине, ілгіш, ірімшік, иіссу, сәбіз, дәрігер, әке, әтеш, инелік, әткеншек.<br>Күтілетін нәтиже:[І] дыбысы бар сөздерді табады, және оларды дұрыс оқиды.<br>***Сергіту сәті***: «Қалалар» (видеослайд)<br>**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»**<br>***5.Байланыстырып сөйлеу:*** Сюжетті суреттерді сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу.<br>Балаларға суреттер беріледі, суреттен сан есімдерді тауып, дәл және дұрыс қолданады.<br>***Рефлексия***: «Бес саусақ»<br>***Күтілетін нәтиже:*** Астана қаласымен танысады, ойларын ауызша айта алады. «І» дыбысын толық меңгерді. Сан есімдерді қолданып, сөздерді дәл және дұрыс қолданады.<br>Нұсқауларды дұрыс орындайды. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| Тобы:<br>Тақырып: | **«Тұлпар» ересек топтары.**<br>**<u>«Жануарлар әлемі»</u>** |
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қысқаша барысы | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>**Күй күмбірі: «Қазақ осы»**<br>Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын айта білуге үйрету.<br>(видеослайд, көрнекіліктер)<br>Амандасу. Салеметсіздер ме, балалар!<br>Қазақстан Республикасының Әнұраны!<br>***<u>Мотивациялық-қозғаушылық: (партада дөңгеленіп тұрады)</u>***<br>Жақсы болу - өзіңнен,<br>Жаман- болу өзіңнен.<br>Өзіңді өзің ая да,<br>Өзіңнен үйрен, өзіңнен.<br>Жақсылық көрсең біреуден,<br>Мен қайдамын?- деп ойла.<br>Жамандық көрсең біреуден,<br>Мен қайдамын? –деп ойла.<br>Өзіңді өзің қолыңа ал,<br>Өзіңсін ақыл айнасы.<br>Тиеді саған мәні бар,<br>«Өзіңді тану» пайдасы<br>***<u>Сөздік қор:</u>*** **Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.**<br>Алдымен тақтаға қарап, видео тамашалаймыз. Ия, балалар бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз еңбек тақырыбында болмақ. Осы видеодан көргеніміздей, адам өмірінде өзіне ыңғайлы, өзі қызығатын, қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады. «Еңбек» сөзіне тоқталайық. Еңбек адамды тәрбиелейді, қуаныш сыйлайды, жігерлендіреді, шыныктырады, пайдалы өмір сүруге үйретеді. Адамның адам болуында еңбек шешуші роль атқарған. Адамзат еңбекті, еңбектің құралдарын жетілдіре отырып, өзі де жетіліп кемелдене берген. Сондықтан қоғамның даму тарихын еңбек пен еңбек құралдарының өзгеру, жетілу тарихы деуге де болады. Тіршілік жағдайының қиындауы еңбекті күрделендірді. Еңбектің арқасында табиғат заттарын еңбек құралы етіп, отты сөндірмей пайдаланды, топтасып аң аулады, бір-біріне көмектесті.Ф. Энгельс айтқандай «Адамды адам еткен- еңбек»<br>***Сергіту сәті:***<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып, |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Гүлдей болып жайқалам.<br>**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»**<br>***Байланыстырып сөйлеу:*** Қарым -қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу.<br>**Бұйрықты сөйлем** - қимыл-әрекетке итермелеу мақсатында айтылған сөйлем.Бұйрықты сөйлем көбінесе ауызекі тілге тән. Бұйрық мағынасы әр түрлі реңкте білдіріледі: егер бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтеріңкі айтылады, ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, бәсең айтылады.<br>***Дидактикалық ойын*** Қуыршақтарға арнап дастархан әзірлейік»<br>Мақсаты: балаларды дастарханды дұрыс, мәдениетті әзірлеуді үйрету. Үстел жаюға арналған заттардың атын атату. Этика (әдеп) ережелерімен таныстыру: қонақтарды қарсы алу, сыйлықтарды қабылдау, үстелге шақыру, дастарханда өзін-өзі ұстауы. Балалардың адамгершілік тәрбиелерін қалыптастыру. Достық қарым-қатынастарын жетілдіру.<br>Ойынның барысы:<br>Тәрбиеші топқа әдемі киінген қуыршақпен кіреді. Балалар қуыршаққа қарап, оның киімдерін жеке-жеке атайды. Тәрбиеші балаларға қуыршақтың мерекелік дастарханын әзірлеуге көмектесуін ұсынады. (Қуыршақтың жиһаздары мен ыдыстары қолданылады.)<br>Тәрбиеші балалармен бірге қызметтердің кезеңдерін орындайды (қол жуу, дастарханды үстелге жаю, үстелдің ортасына гүлі бар ваза қою, нан салатын ыдысты және сүлгі салатын ыдысты қою, шыны мен тарелкаларды дайындау, олардың қасына қасық, шанышқы, пышақты орналастыру). Содан кейін қонақтарды қарсы алу кезеңі орындалады. Балалар қуыршақтарды орындарына отырғызады. Ересек мектеп жасына дейінгі балалар дастархан әзірлеуді толық меңгеруі үшін кезекшілік кезіндегі суреттерді көрсетуге болады. Балалар суреттерді рет ретімен қоюы керек. Дастархан әзірлегенде ыдыстарды қоюдың реттілігін білуі керек.<br>***Рефлексия: «Көңіл күй» әдісі***<br>***Күтілетін нәтиже:*** Еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын айта біледі. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсінеді. Қарым - қатынас барысында балалар қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап береді.<br>Нұсқауларды орындай алады. |

Scanned with CamScanner

«Күншуақ» жеке балабақшасы
әдіскері: Гумарова У.М.

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**«Күншуақ» жеке балабақшасы**

***Жоспардың құрылу кезеңі: 16.01.2025 ж***
**«Тәртіп-тәрбие бастауы»**

| | |
|---|---|
| Тобы:<br>Тақырып: | **«Балбөбек»** ортаңғы тобы.<br>***«Жануарлар әлемі»*** |
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қысқаша барысы | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>**Күй күмбірі: «Еркесылқым»**<br>Амандасу. Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Жол жүру ережелерімен таныстыру. Көшеде жүру тәртібін үйрету. (видеослайд, көрнекіліктер)<br>*1.Тілдік дамытушы орта:* Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Астана қаласы туралы түсінгендерің, ауызша айту, топпен бөлісу.<br>*Мысалы:* Астана – еліміздің бас қаласы.<br>*2.Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* Қазақ тіліне тән [І] дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>[І]- ілгіш<br>«Ілгіш» сөзінде бірінші қай дыбыс айтылады? І-і-і-і<br>[І]- әрпі жіңішке дауысты дыбыс.<br>Әріп таңбасымен таныстыру.<br>І дыбысынан басталатын тағы қандай сөздерді білесіңдер?<br>*Дидактикалық ойын*: «Кім шапшаң?»<br>Мақсаты: Іі дыбысын сөз ішінде тауып, тұтас сөзді дұрыс оқуға жетілдіру..<br>Барысы: Мұғалім сөздерді айтып тұрамын, ал сендер, сөз ішінде «І» дыбысын естіген бетте, алақанды шапалақта:<br>Әділет, адам, дәрі, доп, ін, ине, ілгіш, ірімшік, иіссу, сәбіз, дәрігер, әке, әтеш, инелік, әткеншек.<br>Күтілетін нәтиже:[І] дыбысы бар сөздерді табады, және оларды дұрыс оқиды.<br>*Сергіту сәті*: «Қалалар» (видеослайд)<br>**Ұлттық ойын: «Арқан тартыс»**<br>*5.Байланыстырып сөйлеу:* Сюжетті суреттерді сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу.<br>Балаларға суреттер беріледі, суреттен сан есімдерді тауып, дәл және дұрыс қолданады.<br>*Рефлексия*: «Бес саусақ»<br>*Күтілетін нәтиже:* Астана қаласымен танысады, ойларын ауызша айта алады. «І» дыбысын толық меңгерді. Сан есімдерді қолданып, сөздерді дәл және дұрыс қолданады.<br>Нұсқауларды дұрыс орындайды. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| Тобы:<br>Тақырып: | **«Тұлпар» ересек тобы.**<br>**«Жануарлар әлемі»** |
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қысқаша барысы | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>**Күй күмбірі: «Еркесылқым»**<br>Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын айта білуге үйрету.<br>(видеослайд, көрнекіліктер)<br>Амандасу. Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Қазақстан Республикасының Әнұраны!<br>***Мотивациялық-қозғаушылық: (партада дөңгеленіп тұрады)***<br>Жақсы болу - өзіңнен,<br>Жаман- болу өзіңнен.<br>Өзіңді өзің ая да,<br>Өзіңнен үйрен, өзіңнен.<br>Жақсылық көрсең біреуден,<br>Мен қайдамын?- деп ойла.<br>Жамандық көрсең біреуден,<br>Мен қайдамын? –деп ойла.<br>Өзіңді өзің қолыңа ал,<br>Өзіңсің ақыл айнасы.<br>Тиеді саған мәні бар,<br>«Өзіңді тану» пайдасы<br>***Сөздік қор:*** **Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.**<br>Алдымен тақтаға қарап, видео тамашалаймыз. Ия, балалар бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз еңбек тақырыбында болмақ. Осы видеодан көргеніміздей, адам өмірінде өзіне ыңғайлы, өзі қызығатын, қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады. «Еңбек» сөзіне тоқталайық. Еңбек адамды тәрбиелейді, қуаныш сыйлайды, жігерлендіреді, шыныұтырады, пайдалы өмір сүруге үйретеді. Адамның адам болуында еңбек шешуші роль атқарған. Адамзат еңбекті, еңбектің құралдарын жетілдіре отырып, өзі де жетіліп кемелдене берген. Сондықтан қоғамның даму тарихын еңбек пен еңбек құралдарының өзгеру, жетілу тарихы деуге де болады. Тіршілік жағдайының қиындауы еңбекті күрделендірді. Еңбектің арқасында |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | табиғат заттарын еңбек құралы етіп, отты сөндірмей пайдаланды, топтасып аң аулады, бір-біріне көмектесті.Ф. Энгельс айтқандай «Адамды адам еткен- еңбек»<br>***Сергіту сәті:***<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>**Ұлттық ойын: «Арқан тартыс»**<br>***<u>Байланыстырып сөйлеу:</u>*** Қарым -қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу.<br>**Бұйрықты сөйлем** - қимыл-әрекетке итермелеу мақсатында айтылған сөйлем.Бұйрықты сөйлем көбінесе ауызекі тілге тән. Бұйрық мағынасы әр түрлі реңкте білдіріледі: егер бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтеріңкі айтылады, ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, бәсең айтылады.<br>***Дидактикалық ойын*** Қуыршақтарға арнап дастархан әзірлейік»<br>Мақсаты: балаларды дастарханды дұрыс, мәдениетті әзірлеуді үйрету. Үстел жаюға арналған заттардың атын атату. Этика (әдеп) ережелерімен таныстыру: қонақтарды қарсы алу, сыйлықтарды қабылдау, үстелге шақыру, дастарханда өзін-өзі ұстауы. Балалардың адамгершілік тәрбиелерін қалыптастыру. Достық қарым-қатынастарын жетілдіру.<br>Ойынның барысы:<br>Тәрбиеші топқа әдемі киінген қуыршақпен кіреді. Балалар қуыршаққа қарап, оның киімдерін жеке-жеке атайды. Тәрбиеші балаларға қуыршақтың мерекелік дастарханын әзірлеуге көмектесуін ұсынады. (Қуыршақтың жиһаздары мен ыдыстары қолданылады.)<br>Тәрбиеші балалармен бірге қызметтердің кезеңдерін орындайды (қол жуу, дастарханды үстелге жаю, үстелдің ортасына гүлі бар ваза қою, нан салатын ыдысты және сүлгі салатын ыдысты қою, шыны мен тарелкаларды дайындау, олардың қасына қасық, шанышқы, пышақты орналастыру). Содан кейін қонақтарды қарсы алу кезеңі орындалады. Балалар қуыршақтарды орындарына отырғызады. Ересек мектеп жасына дейінгі балалар дастархан әзірлеуді толық меңгеруі үшін кезекшілік кезіндегі суреттерді көрсетуге болады. Балалар суреттерді рет ретімен қоюы керек. Дастархан әзірлегенде ыдыстарды қоюдың реттілігін білуі керек.<br>***Рефлексия: «Көңіл күй» әдісі***<br>***Күтілетін нәтиже:*** Еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын айта біледі. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсінеді. Қарым - қатынас барысында балалар қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап береді.<br>Нұсқауларды орындай алады. |

Scanned with CamScanner

«Күншуақ» жеке балабақшасы
әдіскері: Гумарова У.М.

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**«Күншуақ» жеке балабақшасы**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 23.01.2025 ж**
**«Тәртіпсіз ел болмайды»**

| | |
|---|---|
| Тобы:<br>Тақырып: | «Балбөбек»ортаңғы тобы.<br>**«Құстар-біздің досымыз»** |
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қысқаша барысы | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>**Күй күмбірі: «Ақсақ киік»**<br>Балаларды өздері туралы қысқаша айта білуге, аты-жөндерін дұрыс айтуға баулу.<br>(видеослайд, көрнекіліктер)<br>Амандасу. Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Қазақстан Республикасының Әнұраны!<br>***Шаттық шеңбері:***<br>Бала-бала баламыз<br>Бақшамызға барамыз<br>Күні бойы ойынға<br>Батамыз да қаламыз.<br>Балалар мен сендерге бірнеше сұрақтар қойғым келіп тұр.<br>-Балалар балабақша дегенім не?<br>-Балабақшада біз не істейміз?<br>-Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба?<br>-Балабақшада сендер үшін қаншама адамдар жұмыс істейді.<br>-Қане олар кімдер қандай жұмыс атқарады?<br>**Тақпақ жаттату:**<br>Балабақша есігін,<br>Сәби болып ашқанбыз.<br>Балапандай мәпелеп,<br>Өсіреді бақшамыз.<br>*Тілдік дамытушы орта:* Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.<br>Балалардың алдарына қағаз қиындылары беріледі. Балалар қағаз қиындыларын құрастыра отырып, сөз құрастырады. Шыққан сөзді айтып, достарына береді.<br>**Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>Ша-ша-ша- Балабақша<br>Ші-ші-ші-Тәрбиеші<br>Лар-лар-лар-Балалар<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту. |

Scanned with CamScanner

Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекеме балаларына мемлекеттік тілді меңгерту бірінші жолға қойылды. Мектепке дейінгі мекемеде қазақ тілін оқыту жұмыстары тәрбиешілердің көп еңбек етіп,ізденіс пен дайындығын қажет етеді.Сондықтан қазақ тілін оқыту мәселесінде мектепке дейінгі мекемеде білім беру, тәрбиелеу ісіне қоғам,ұжым болып бір ауыздан атсалысуымыз қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мәселесі алдымен балабақшада жүзеге асырылады. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлығының дамуында тіл маңызды рөл атқарады. Біздің мақсатымыз – балаларды ата-бабадан қалған салт-дәстүрге,адамгершілікке баули отырып,жаңа технологияны меңгерту. Осы мақсатымыз жүзеге асуы үшін біз ең алдымен өзіміздің ана тілімізді меңгеруіміз қажет. Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады.Тіл білген адам-мәдени,рухани жан азығы мол адам. Адамның ойы тілден көрінеді.Сондықтан балабақша қабырғасынан бастап тіл үйретудің маңызы зор.

***Сергіту сәті:***

Біз кішкентай баламыз,
Өсіп-өніп толамыз.
Күнге қарай талпынып,
Көкке қолды созамыз.
Қанат қағып ұшамыз,
Қарлығаштай самғаймыз.

**Ұлттық ойын: «Теңге алу»**

***Байланыстырып сөйлеу:*** Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.

1. Тілдің негізгі қызметі қарым-қатынас жасау қызметінің жүзеге асуына байланысты. [1].

Бұл өте кең таралған функционалды стиль. Тұрмыста, отбасында, өндірістегі бейресми қатынастарда адамдардың еркін қарым-қатынас жасау саласын қамтамасыз етеді. Ауызекі сөйлеу стилі өте функционалды стильдерге, әсіресе олардың ауызекі түрлеріне ықпал жасайды: баяндама, дәріс, пікірталас т.б.

2. Ауызекі сөйлеу стилі өзіндік ерекшеліктерін жасайтын айрықша белгісі жағдайға байланысты сөйлеу мәнері, эмоцияға қарай тілдік бірліктерін қолдану өзгешелігі болады. Бұл ерекшелігі ең алдымен, ондағы лексика-фразеология байқалады;

а) ауызекі сөйлеу стилі диалогқа құрылады. Қатысушы екі адам. Интонация ерекше қызмет атқарады. Сөйлеу тілінің тағы бір ерекшелігі монолог (бір кісінің сөзі көпшілік алдында сөйлеу, баяндама, дәріс, консультация);

ә) Ауызекі сөйлеу стилі ерекшеліктерінің екінші түрі оның эмоциялылығы, өйткені айтушы өз эмоциясын сол сөздің аясына сыйғызуға тырысады. Мыс., "Көбірек сөйлеп кетті" (бәсеңдеу түрі, бірақ эмоция сезіледі), "Мылжыңдап кеттің ғой!" (эмоцияның қатаң түрі);

б) Ауызекі сөйлеу стилі әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін ол өмір сүрген ортадағы жергілікті диалект сөздерді стильдік мақсатта әдеби қолданады;

в) Ауызекі сөйлеу стилінде қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі қолданылады. Мыс., "Айналайын-ау, сені түсінеді деп айтып отырмын". Сондай-ақ, сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады;

г) Ауызекі сөйлеу стилі тілдің көркемдегіш бейнелеуші тәсілдері де қолданылады (теңеу, эпитет, гипербола). Мыс., "Өгіздей біреу алдымнан шыға келді";

т) Ауызекі сөйлеу стилі басқа стильдерден өзгешелігі мен ерекшелігі, ең алдымен синтаксистен сөйлем құрылысынан байқалады. Стильдің бұл түрінде сұраулы, лепті сөйлемдер қатысады. Диалогке құрылады. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі ой көбіне автоматты түрде (аяқастынан) дайындықсыз айтылады.

***Дидактикалық ойын***: «Кемпірқосақ»

**Мақсаты:** Балаларды түстер жүйесімен таныстыру, және топтастырып орналастыру.

**Күтілетін нәтиже:** Балалар қызыға ойнайды.

***Рефлексия:***

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Топқа кім келді?<br>-Біз бүгін не туралы әңгімеледік?<br>-Балабақшада кімдер жұмыс істеп қызмет атқарады?<br>***Күтілетін нәтиже:*** Өз балабақшалары туралы біледі. Ересектермен және құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасайды. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты меңгереді. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін біледі.<br>Нұсқауларды орындай алады. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| Тобы:<br>Тақырып: | **«Тұлпар» ересек тобы.**<br>**<u>«Ғажайып қыс»</u>** |
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қысқаша барысы | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>**Күй күмбірі: «Ақсақ киік»**<br>**Өзі туралы әңгімелеуге үйрету арқылы сөздік қорларын дамыту.**<br>(видеослайд, көрнекіліктер)<br>Амандасу. Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Қазақстан Республикасының Әнұраны!<br>***Шаттық шеңбері:***<br>Бала-бала баламыз<br>Бақшамызға барамыз<br>Күні бойы ойынға<br>Батамыз да қаламыз.<br>Балалар мен сендерге бірнеше сұрақтар қойғым келіп тұр.<br>-Балалар балабақша дегенім не?<br>-Балабақшада біз не істейміз?<br>-Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба?<br>-Балабақшада сендер үшін қаншама адамдар жұмыс істейді.<br>-Қане олар кімдер қандай жұмыс атқарады?<br>**Тақпақ жаттату:**<br>Балабақша есігін,<br>Сәби болып ашқанбыз.<br>Балапандай мәпелеп,<br>Өсіреді бақшамыз.<br>***<u>Тілдік дамытушы орта:</u>*** <u>Ұжымдық әңгімеге қатысуға үйрету.</u><br>**Тіл ұстарту жаттығулары:**<br><u>Ша-ша-ша- Балабақша</u><br><u>Ші-ші-ші-Тәрбиеші</u><br><u>Лар-лар-лар-Балалар</u><br>***Сергіту сәті:***<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып,<br>Көкке қолды созамыз.<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>Қарлығаштай самғаймыз.<br>**Ұлттық ойын: «Теңге алу»**<br>***<u>Байланыстырып сөйлеу:</u>*** *<u>Өз бетінше ретімен қайталап отыруға баулу.</u>* |

Scanned with CamScanner

1. Тілдің негізгі қызметі қарым-қатынас жасау қызметінің жүзеге асуына байланысты. [1].
Бұл өте кең таралған функционалды стиль. Тұрмыста, отбасыда, өндірістегі бейресми қатынастарда адамдардың еркін қарым-қатынас жасау саласын қамтамасыз етеді. Ауызекі сөйлеу стилі өте функционалды стильдерге, әсіресе олардың ауызекі түрлеріне ықпал жасайды: баяндама, дәріс, пікірталас т.б.
2. Ауызекі сөйлеу стилі өзіндік ерекшеліктерін жасайтын айрықша белгісі жағдайға байланысты сөйлеу мәнері, эмоцияға қарай тілдік бірліктерін қолдану өзгешелігі болады. Бұл ерекшелігі ең алдымен, ондағы лексика-фразеология байқалады;
а) ауызекі сөйлеу стилі диалогқа құрылады. Қатысушы екі адам. Интонация ерекше қызмет атқарады. Сөйлеу тілінің тағы бір ерекшелігі монолог (бір кісінің сөзі көпшілік алдында сөйлеу, баяндама, дәріс, консультация);
ә) Ауызекі сөйлеу стилі ерекшеліктерінің екінші түрі оның эмоциялылығы, өйткені айтушы өз эмоциясын сол сөздің аясына сыйғызуға тырысады. Мыс., "Көбірек сөйлеп кетті" (бәсеңдеу түрі, бірақ эмоция сезіледі), "Мылжыңдап кеттің ғой!" (эмоцияның қатаң түрі);
б) Ауызекі сөйлеу стилі әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін ол өмір сүрген ортадағы жергілікті диалект сөздерді стильдік мақсатта әдеби қолданады;
в) Ауызекі сөйлеу стилінде қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі қолданылады. Мыс., "Айналайын-ау, сені түсінеді деп айтып отырмын". Сондай-ақ, сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады;
г) Ауызекі сөйлеу стилі тілдің көркемдегіш бейнелеуші тәсілдері де қолданылады (теңеу, эпитет, гипербола). Мыс., "Өгіздей біреу алдымнан шыға келді";
т) Ауызекі сөйлеу стилі басқа стильдерден өзгешелігі мен ерекшелігі, ең алдымен синтаксистен сөйлем құрылысынан байқалады. Стильдің бұл түрінде сұраулы, лепті сөйлемдер қатысады. Диалогке құрылады. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі ой көбіне автоматты түрде (аяқастынан) дайындықсыз айтылады.
*Дидактикалық ойын*: «Кемпірқосақ»
**Мақсаты:** Балаларды түстер жүйесімен таныстыру, және топтастырып орналастыру.
**Күтілетін нәтиже:** Балалар қызыға ойнайды.
***Рефлексия:***
Топқа кім келді?
-Біз бүгін не туралы әңгімеледік?
-Балабақшада кімдер жұмыс істеп қызмет атқарады?
***Күтілетін нәтиже:*** Өз балабақшалары туралы біледі. Ересектермен және құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасайды. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты меңгереді.Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін біледі.
Нұсқауларды орындай алады.

Scanned with CamScanner

«Күншуақ» жеке балабақшасы
әдіскері: Гумарова У.М.

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**«Күншуақ» жеке балабақшасы**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 30.01.2025 ж**
**«Жасампаздық бәрімізге өнеге»**

| | |
|---|---|
| Тобы:<br>Тақырып: | **«Балбөбек»** ортаңғы тобы.<br>**«Ғажайып қыс»** |
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қысқаша барысы | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>**Күй күмбірі: «Көңіл ашар»**<br>Балаларға гүлдерді, олардың түрлерімен таныстыру. Үй және дала гүлдерін ажырату.<br>(видеослайд, көрнекіліктер)<br>Амандасу. Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Қазақстан Республикасының Әнұраны!<br>***Шаттық шеңбері:*** «Табиғатпен үндестік»<br>Шеңбер бойлап жүреміз,<br>Әр гүлге көңіл бөлеміз.<br>Сұлулық пеп махаббатты,<br>Сезініп өмір сүреміз.<br>-Балалардың қолдарына бір гүлден беріп, бір-біріне тілек айту арқылы бір шоқ гүлді жинау.<br>Бүршік ашып.<br>Жапырақ шашып<br>Жер гүл шашақ тағады.<br>Балаларым айтыңдаршы.<br>Бұл қай кезде болады.<br>Балалар өткен оқу іс-әретімізде «Нұр төккен, гүл көктем » тақырыбында, көктем мезгілі туралы өткен едік,есімізге түсірейік.<br>-Көктем мезгілінде неше ай болады? (3)<br>-Қандай айлар? (наурыз, сәуір, мамыр)<br>-Көктем мезілінде табиғат қандай күйде болады? (жаңбыр жауады, күн жылынады, ағаштар бүршік атады, жер жасыл түске оранады)<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>Адамдардардың бәрі қызығады,<br>Су құймасаң сәні бұзылады.<br>Бұл не? (гүл)<br>-Дұрыс таптыңдар.<br>-Балалар,гүлдер дала гүлдері мен бөлме гүлдері болып бөлінеді.<br>-Дала гүлдері олар дала да,орманда өседі,ал бөлме гүлдері олар бөлмеде өседі.<br>Балалар бүгін сіздермен бірге өзімізге таныс жүзжылдық және қызғалдақ гүлдерімен гүлдермен танысамыз. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | (Слайд дала гүлдері мен бөлме гүлдері.)<br>Жүзжылдық – үй(бөлме) гүлі Отанында бұл өсімдік жылда гүлдейді. Ал Қазақстанда бөлме гүлі ретінде өсірілетіндіктен, үй жағдайында өте сирек гүлдейді. Жүзжылдық деп аталуы, жүзжылда бір гүлдейді дегеннен шыққан. Күтімі өте жеңіл.<br>Қызғалдақ – дала гүлі, дархан даланың, көктеудің, қырдың және маусымдық қоныстың сәні екені белгілі. Қызғалдақ – Жаратушы Иенің адамзатқа берген сыйы. Ол көктемде гүлдеп, кең жазира қазақ даласын ғажайып бір күйге бөлейді. Бір қызығы: екі жыл өмір сүретін бұл нәзік гүл көктем келіп, шуақты Наурыз айы туғанда, бар жоғы 7 күн, кейде 15 күнге дейін гүл ашып тұрады екен. [4]<br><br>***Тіл ұстарту жаттығуы:***<br>Шік-шік-шік-Бұршік<br>Ғаш-ғаш-ғаш-Ағаш<br>***Сергіту сәті:***<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер.<br>Өсе берші нұрланып,<br>Өсе берші ырғалып.<br>**Ұлттық ойын: «Қыз қуу»**<br>4.***Байланыстырып сөйлеу:*** Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрі баламен диалог құра білу. Балаларға тақырып бойынша сұрақтар қойу арқылы, не түсінгенін, не үйренгенін сұрау. Сабақтан алған әсерін, ауызша жеткізу. Достарының жауаптарына өз ойын қосу.<br>Тапсырма: Балалар көршілерімен бірге диалог құрып, гүл туралы әңгімелеу.<br>*Дидактикалық ойын*: **«Гүл шоғын құрастыр»**<br>**Мақсаты**: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету.<br>**Ойынның ережелері.** Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету.<br>**Ойынның барысы.**<br>1.Тәрбиеші балалармен орманға, бақка, шағын далаға «экскурсия» жүргізіледі. Онда балаларды түрлі гүлдермен таныстырады. Бағбанның, көбелектің, Дәрігер Айболиттің суреттері қойылды.<br>Бағбан бақтан, көблек шағын даладан, ал Дәрігер Айболит орманнан гүл жинауды (өйткені олардың дәрілік қасиеттері бар) өтінеді. Гүлдердің суреттері араластырылады да, балаларға үлестіріліп беріледі. Олар Кейіпкерлерге кезекпен келіп өз гүлдерін ұсынады. Тәрбиеші мен балалар сыйлықтарға баға береді.<br>2.«Дүкен». Кейіпкерлер , егер балалар гүлді дұрыс атаса және гүлге анықтама бере алса, олар гүл сатады.<br>3.«Гүл шоғында не артық?». Дала, бақ және орман гүлдерінен құрастырылған гүл шоқтарын тексеру ұсынылады. Артық гүл алынып тасталынады<br>**Күтілетін нәтиже:** Бақша, орман, дала гүлдерін табады, атауларын дұрыс айтады<br>***Рефлексия: «Білім гүлі» әдісі***<br>*Күтілетін нәтиже:* Гүлдер олардың түрлерімен танысты. Үй және дала гүлдерін ажырата алады. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрін меңгерді.<br>Нұсқауларды орындай алады. |

Scanned with CamScanner

| Тобы:<br>Тақырып: | **«Тұлпар»** ересек тобы.<br>**«Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)»** |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қысқаша барысы | **«Менің Қазақстаным» Әнұран**<br>**Күй күмбірі: «Көңіл ашар»**<br>Балаларға гүлдерді, олардың түрлерімен таныстыру. «Үй және дала гүлдерін» көрсетіп, атауларын үйрету.<br>(видеослайд, көрнекіліктер)<br>Амандасу. Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Қазақстан Республикасының Әнұраны!<br>***Шаттық шеңбері: (партада дөңгеленіп тұрады)***<br>Ізгі ниет болған жерде гүл тұрған,<br>Гүл дегенің гүл емес -ол жыр туған.<br>Той мереке гүл болмаса ажарсыз,<br>Дархан дала гүлден ғана жаралған.<br>-Балалар бүгінгі оқу қызметімізді ізгі ниетпен , жылы лебізбен , жақсы тілекпен бастасақ.<br>- Аспанымыз ашық болсын!<br>-Балабақшамыз гүлге толсын!<br>-Табиғатымыз таза болсын!<br>-Жеріміз гүлге толсын!<br>-Бақшамыз гүлдене берсін!<br>***1.Сөздік қор: Өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.***<br>-Балалар сендер қандай гүлдің түрлерін білесіңдер? Бәйшешек, қызғалдақ, раушан<br>-Гүлдерді қай мейрамдарда кімге сыйлаймыз. Аналар мерекесіне.<br>*Суреппен жұмыс:*<br>Мынау бәйшешек гүлі.<br>-Ол ерте көктемде қар еріп жатқан кезде тауда гүлдейді.<br>Түсі қандай балалар? ақ<br>Мынау қызғалдақ гүлі.<br>–Ол қырда өседі.<br>Түсі қандай? қызыл<br>-Мынау раушан гүлі.<br>Барлық гүлдердің патшасы, сұлулық пен әсемдік белгісі.<br>Түсі қандай балалар? Ақ, қызыл, қызғылт<br>-Балалар , сендер білесіңдер ме?<br>Гүлдер әсемділігімен көрік беріп қана қоймай сонымен қатар ауаны да тазартады. Гүлдер жайқалып өсу үшін жаңбырдың суы, күннің нұры, су қажет екен.<br>***Сөздік жұмыс:*** қызғалдақ, бәйшешек, бағбан, раушан.<br>***Сергіту сәті:*** |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>**Ұлттық ойын: «Қыз қуу»**<br>***2.Тілдің грамматикалық құрылымы: Жай және жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.***<br>Жай сөйлемнің жалаң және жайылма болуы тұрлаусыз мүшелердің қатысу-қатыспауына байланысты. Кейбір жай сөйлемдердің құрамында тұрлаусыз мүшелер болмайды.Мысалы: *Жаңбыр сіркіреп тұр.жер су. – Жаңбыр ашылды ма?*<br>***Дидактикалық ойын**: «Гүл шоқтары»*<br>**Мақсаты:** Дала және, бөлме гүлдерін ажырату, гүл туралы ойларын кеңейту.<br>***Шарты**:* Негізгі түстерді бекіту, үлгіге қарай пішіндерді жинауды үйрету. Бөлінген пішіндердің түстеріне қарай гүлдерді жинау.<br>Ал енді балалар біз екі топқа бөлініп жұмыс жасайық:<br>**Топтармен таныстыру:**<br>1-ші «Шешендік өнер» тобы- өздерінің гүлдерге байланысты тақпақтарын айтады.<br>2-ші «Суретшілер» тобы –магнит тақтасына гүлдің суретін салады.<br>*«Шешендік өнер»* тобының гүлдерге байланысты жаттаған тақпақтарын тыңдайы<br>-Балалар сендер тақпақтарыңды өте жақсы айттыңдар. Сендерге рахмет.<br>*«Суретшілер тобы»* магнит тақтасына келіп , өздеріне ұнаған гүлдердің суретін салыңдар.<br>**Күтілетін нәтиже:** Дала және, бөлме гүлдерін ажыратады, гүл туралы түсініктері артады.<br>***Рефлексия: «Көңіл күй» әдісі***<br>***Күтілетін нәтиже:*** Гүлдерді, олардың түрлерімен танысады. «Үй және дала гүлдерін» атауларын меңгереді. Өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсініп, атау дағдыларын қалыптастырады. Жай және жайылма сөйлемдер құра біледі,<br>Нұсқауларды орындай алады. |

Scanned with CamScanner